

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 296 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 18 шілдедегі N 104 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 18 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5307 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2013 № 137 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз .

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік)

Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Агенттік Басқармасының "Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 296 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4580 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу

және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) секьюритилендірілген активтер – "Секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес бөлінген активтер";

2-тармақ "дебиторлық берешек" деген сөздерден кейін ", банкте олар бойынша секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар секьюритилендірілген активтер, банкте олар бойынша секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ секьюритилендірілген активтер" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Секьюритилендірілген активтер осы Ережеге сәйкес жіктелуге жатады. Банкте олар бойынша секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар секьюритилендірілген активтер бойынша провизиялар құрылмайды."

19-тармақта:

Бірінші абзац "қамтамасыз ету сапасының" деген сөздерден кейін "және мақсатты қолданудың" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредитті қамтамасыз ету мен мақсатсыз қолдану үлесі әр талап бойынша жеке бағаланады."

26-тармақ "кестесі болмаған болса," деген сөздерден кейін "сондай-ақ банктік заем шартының мәтінінде сыйақы төлеудің кезеңдігін айқындайтын тұжырымдама болмаса," деген сөздермен толықтырылсын;

28-тармақ:

"Тиісті хеджирлеу құралымен" деген сөздердің алдынан "Заемшы тарапынан" деген сөздермен толықтырылсын, келесі сөз кіші әріптен жазылсын;

"Ереженің 2-қосымшасына" деген сөздерден кейін "немесе 3-қосымшасына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тараумен толықтырылсын:

"7-1-тарау. Секьюритилендірілген активтерді жіктеу ерекшеліктері

49-1. Банкте секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша растамасы бар болғанда, банк активтерді жіктеуді осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады.

49-2. Банкте секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті

органның жазбаша растамасы жоқ болғанда, банк:

- 1) жіктелген секьюритилендірілген активтерге провизияларды құрайды;
- 2) активтерді жіктеуді осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады."

;

54-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган банктерді тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ тексеру барысында провизиялардың (резервтердің) деңгейін көтеруді талап ете алады."

1 - қ о с ы м ш а д а :

1 ж ә н е 2 к е с т е л е р

"

оның ішінде кредиттер бойынша негізгі борыш сомасы (каржылық лизингті қоспағанда)

2

";

деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

2-1

"

;

3 , 4 ж ә н е 5 к е с т е л е р

"

Негізгі борыш сомасының барлығы

1

"

;

деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

1-1

"

;

6-кесте

"

Құны

1

"

;

деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

1-1

"

;

7-кестеде

"

оның ішінде кредиттер бойынша негізгі борыш сомасы (қаржылық лизингті қоспағанда)

2

":
,

деген бағандағы сөздер "оның ішінде депозит бойынша негізгі борыш сомасы салық салу мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын, осы бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

2-1

" ;

8 - к е с т е

"

оның ішінде құжаттамалық есептеме және салық салу мақсатындағы кепілдіктер бойынша дебиторлық берешектің сомасы

2

" ;

деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

2-1

" ;

9 - к е с т е

"

оның ішінде шығарылған немесе кепілдікпен расталған жабылмаған аккредитивтер бойынша шартты міндеттемелердің сомасы

2

" ;

деген бағаннан кейін мынадай мазмұндағы 2-1-бағанмен толықтырылсын:

"

Есептелген сыйақы сомасы

2-1

" ;

осы қаулының қосымшасына сәйкес 10, 11-кестелермен толықтырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

1 - к е с т е д е г і

"

жіктелетін активтер бойынша кешіктірілген төлемдердің болмауы	0
---------------------------------------------------------------	---

деген жолда "0" деген цифр "-1" деген цифрға ауыстырылсын;
о с ы ж о л д а н к е й і н
"

ағымдағы күнге дейін төлемдердің мерзімін өткізуі бар болған және төлемдерді төлеу мерзімі әлі болмаған заемдар	0
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---

деген жолмен толықтырылсын;
1-кестені толтыру бойынша ережеде:
5-тармақтың бірінші абзац "(борышкер" деген сөзден кейін ", тең заемшы)"
деген сөздермен толықтырылсын;
6 - т а р м а қ т а :
бірінші абзац "(борышкердің" деген сөзден кейін ", тең заемшының)" деген
сөздермен толықтырылсын;
екінші-бесінші, оныншы, он екінші–он төртінші абзацтар "заемшының", "
заемшы" деген сөздерден кейін сәйкес "(тең заемшының)", "(тең заемшы)" деген
сөздермен толықтырылсын;
7 - т а р м а қ т а :
бірінші абзац "(борышкердің" деген сөзден кейін ", тең заемшының)" деген
сөздермен толықтырылсын;
екінші–алтыншы абзацтар "заемшының", "заемшы", "заемшыға" деген
сөздерден кейін сәйкес "(тең заемшының)", "(тең заемшы)", "(тең заемшыға)"
деген сөздермен толықтырылсын;
9-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
"3) қанағаттанарлық - жылжымайтын мүлік түріндегі қамтамасыз етуді
қоспағанда, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жақсы қамтамасыз ету
, оның құны заемшының актив бойынша міндеттемелерінің 90 кем емес пайызын
жабатын (тоқсан және жеңілдік берілген кезең үшін негізгі борыш пен алуға
қажетті сыйақы бойынша) немесе заемшының активтер бойынша (негізгі борыш
бойынша және бірінші тоқсан ішінде кредитті қолданғаны үшін алуға қажетті
сыйақы бойынша, сондай-ақ жеңілдік берілген кезең үшін сыйақы, егер
осындайды банк ұсынса) міндеттемелерінің 75-тен аспайтын пайызын жабатын
құнымен осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жоғары өтімді
қамтамасыз ету немесе заемшының актив бойынша (негізгі борыш және бірінші
тоқсанның ішінде кредитті қолданғаны үшін алуға қажетті сыйақы бойынша,
сондай-ақ жеңілдік берілген кезең үшін сыйақы, егер осындайды банк ұсынса)
міндеттемелерінің 100 пайызынан кем емес пайызын жиынтығында жабатын
мыналар түріндегі қамтамсыз ету:
Қазақстан Республикасының резидент еместері - заңды тұлғалардың

кепілдіктері (кепілдемелері) түрінде, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген "BB-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа бір рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес-банктерінің;

Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды тұлғалардың кепілдіктері (кепілдемелері) түрінде, оның ішінде Standard & Poor's агенттігі берген "B-" тобынан төмен емес борыштық рейтингі бар немесе басқа бір рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес-банктерінің;

Standard & Poor's агенттігі берген "B-" тобынан төмен емес қаржылық сенімділік рейтингі бар немесе басқа бір рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру полистері түрінде.

Сондай-ақ, қанағаттанарлық қамтамасыз ету түрінде банктердің кредиттеу бойынша құжаттаманы жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген мынадай түрдегі қамтамасыз ету қ а б ы л д а н а д ы :

егер осы тармақшада көрсетілген Қазақстан Республикасының резиденті емес – банктеріне берілген рейтингтен бір категорияға төмен борыштық рейтингі бар заңды тұлға заемшының борышкері болып табылатын талаппен заемшының балансында ескерілген соманың 60 пайыздан аспайтын мөлшерінде дебиторлық б е р е ш е к тү р і н д е ;

заемшының және/немесе кепіл берушінің балансында ескерілген соманың 60 пайыздан аспайтын мөлшерінде не заемшы – жеке тұлғаның меншігінде болған жылжымалы мүлік түрінде ;

заемшының балансында ескерілген соманың 60 пайыздан аспайтын мөлшеріндегі айналымдағы тауарлар түрінде;

кепілдік құны заемшының активтер бойынша (негізгі борыш бойынша және бірінші тоқсан ішінде кредитті қолданғаны үшін алуға қажетті сыйақы бойынша, сондай-ақ жеңілдік берілген кезең үшін сыйақы, егер осындайды банк ұсынса) міндеттемелерінің 120-дан аспайтын пайызын жабатын жылжымайтын мүлік тү р і н д е ; " ;

мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Кредиттеу кезеңі барысында 7 (жеті) және одан астам жұмыс күн мерзімімен мерзімі өткен төлемдер бар болғанда, сондай-ақ банк заемшының жеке шарты бойынша (төлемдерді мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда) төлемдерді өтеу мерзімі әлі болмағанда "жіктелетін актив бойынша төлемдерді өтеуде мерзімін өткізуі жоқ - 1 балл" критерийлері қолданылмайды.

Төлемді өтеуде 7 (жеті) және одан астам жұмыс күн мерзімімен мерзімін

өткізуі бар, сондай-ақ төлемдерді өтеу мерзімі әлі болмаған заемдарға 0 балл беріледі.

11. Активті мақсатсыз қолдану үлесі банк заемының әр бір шарты бойынша, оның ішінде бір кредиттік желі аясында жасалғаны бойынша жеке есептеледі.";

3 - қ о с ы м ш а д а :

1-кестені толтыру бойынша ережеде:

5-тармақ "заемшының", "заемшы", "заемшыға", "заемшыда" деген сөздерден кейін "(тең заемшының)", "(тең заемшы)", "(тең заемшыға)", "(тең заемшыда)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың 1) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банк-кредитордың депозитіндегі ақша кепілі және/немесе банк-кредиторда кепілге салу мәні болып табылатын ақша кепілі;".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сарсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алысын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алысын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайымы

Е.Бахмутова

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының

Қ а р ж ы м и н и с т р і

Б . Б . Ж ә м і ш е в

қ о л қ о ю

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 5 т а м ы з

елтаңбалық мөрі

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2008 жылғы 18 шілдедегі

N 104 қаулысына қосымша

"10-кесте

**200__жылғы "___"_____ банкте секьюритилендірудің
шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті органның жазбаша
растамасы бар болғанда, секьюритилендірілген активтерді
жіктеу**

Банк _____

МЫҢ ТЕҢГЕ

Жіктеуге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыштың барлық сомасы	Есептелген сыйақы сомасы	Қамтамасыз ету құны	
			Жиынтығы	оның ішінде жоғары өтімдісі
	1	2	3	4
1. Стандартты				
2. Күмәнді:				
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде				
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде				
5) күмәнді 5 санат				
3. Үмітсіз				

барлығы
(1+2+3)

Т ө р а ғ а

М ө р

Б а с

О р ы н д а у ш ы

телефон:

о р н ы
б у х г а л т е р

11-кесте

**200__жылғы "____"_____ банкте олар бойынша
секьюритилендірудің шектеулі тәсілін пайдалануға уәкілетті
органның жазбаша растамасы жоқ секьюритилендірілген
активтерді жіктеу**

Банк

мың теңге

Жіктеуге сәйкес кредиттер тобы	Негізгі борыштың барлық сомасы	Есептелген сыйақы сомасы	Ережеге сәйкес негізгі борыш сомасынан провизиялардың мөлшері (%-да)	Нақты құрылған провизиялар сомасының барлығы	Қамтамасыз ету құны	
					Жиынтығы	оның ішінде жоғары өтімдісі
	1	2	3	4	5	6
1. Стандартты						
2. Күмәнді:						
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде						
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде						
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді						

уақтылы және толық төлеген кезде						
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе төлемдерді толық төлемеген кезде						
5) күмәнді 5 санат						
3. Үмітсіз барлығы (1 + 2 + 3)						

Т ө р а ғ а

М ө р

Б а с

О р ы н д а у ш ы

телефон:".

о р н ы

б у х г а л т е р